

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтаруға, есепке жазудың дұрыстығына және салықтық әкімшілендіруге мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазу дұрыстығының сәйкестігіне және салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің «Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ, Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің «Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2020 жылдың 1 қаңтарынан – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Теректі және Бөрлі аудандары бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы (*әрі қарай - Басқарма*) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуді, ұстауды, аударуды, әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органы болып табылады. Басқармалар өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

«Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 34 923 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 1 830 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 1 548 (84,6%);

2022 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 34 539 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 1 801 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 1 578 (87,6%);

2023 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 35 292 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 1 867 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 1 602 (85,8%).

2020 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 1 375 978,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 1 454 534,7 мың теңге (105,7%), артық орындау 78 556,7 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 567 552,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 39% құрайды;

103101 бойынша 526 907,5 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 36,2% құрайды;

104101 бойынша 118 208,2 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 8,1% құрайды.

2021 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 1 722 943,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 1 904 562,4 мың теңге (105,7%), артық орындау 181 619,4 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 730 503,1 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 38,3% құрайды;

103101 бойынша 618 353,1 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 32,5% құрайды;

104101 бойынша 203 270,5 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 10,7% құрайды.

2022 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 1 868 364,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 1 935 199,5 мың теңге (103,6%), артық орындау 66 835,5 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 810 640,1 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 41,9% құрайды;

103101 бойынша 640 468,9 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 33,1% құрайды;

104101 бойынша 264 343,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 13,6 % құрайды.

«Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 53 122 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 3 520 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 3 013 (85,6%);

2022 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 58 072 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 4 006 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 3 505 (87,5%);

2023 жылдың 1 қаңтарына аудан бойынша 60 554 салық төлеуші тіркелген, оның ішінде 4 961 заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, әрекет ететіні 4 201 (84,7%).

2020 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 48 718 719,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 48 770 577,0 мың теңге (100,1%), артық орындау 51 858,0 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 13 925 574 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 28,6% құрайды;

103101 бойынша 26 381 073 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 54,1% құрайды;

104101 бойынша 821 589 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 1,7% құрайды.

2021 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 53 554 056,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 51 336 039,0 мың теңге (95,9%), артық орындау 2 218 017,0 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 14 504 791,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 28,2% құрайды;

103101 бойынша 30 187 908,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 58,8% құрайды;

104101 бойынша 738 946,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 1,4% құрайды.

2022 жылы жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 63 227 519,0 мың теңге көлемінде жоспарланған, нақты түскені 64 073 501,0 мың теңге (101,3%), артық орындау 845 982,0 мың теңгені құрады.

Негізгі түсімдер түрлері:

101201 бойынша 16 996 841,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 26,5% құрайды;

103101 бойынша 37 196 922,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 58,1% құрайды;

104101 бойынша 638 726,0 мың теңге түскен, жалпы түсімдердің 1% құрайды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит нәтижесінде екі аудит объектілерімен жалпы сомасы 37 835,5 мың теңгеге салықтық және өзге де заңнама талаптары сақталмағандығы анықталды, барлық сома толықтай жергілікті бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрайды. Аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысына дейін 31 625,6 мың теңгесі өтелді, салық төлеушілерге 152 хабарлама жолданды, 8 салық төлеушіге және 1 уәкілетті органның басшысына қатысты 12 әкімшілік материал толтырылды.

«Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Аудит нәтижесінде 22 146,8 мың теңгеге салықтық және өзге де заңнама талаптары сақталмағандығы анықталды, барлық сома жергілікті бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 1 бірлікті құрайды. Аудит барысында және отырысқа дейін 21 599,4 мың теңгесі өтелді, салық төлеушілерге 134 хабарлама жолданды, 2 салық төлеушіге 3 әкімшілік материал толтырылды.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің *(әрі қарай – ҚР Салық Кодексі)* 484-бабы 2 тармағы 1) тармақшасы бұзылып, ШЖҚ «Теректі аудандық ауруханасы» МКҚК, ШЖҚ «Теректі аудандық 2-ауруханасы» МКҚК, ШЖҚ «Аудандық ветеринарлық станция» МКҚК қызметкерлердің сауықтыру жәрдемақыларын төлеу кезінде 7 724,9 мың теңгеге әлеуметтік салығын есептемеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, оның ішінде

2020 жылы – 2 177,6 мың теңге (өсімпұл 748,7 мың теңге); 2021 жылы – 3 811,5 мың теңге (өсімпұл 81,3 мың теңге); 2022 жылы – 1 735,8 мың теңге.

Аудит барысында және отырысқа дейін ШЖҚ «Теректі аудандық ауруханасы» МКҚК 103101 бюджеттік сыныптамалар кодына 3 969,5 мың теңге және 830,0 мың теңге өсімпұл, ШЖҚ «Теректі аудандық 2-ауруханасы» МКҚК 3 401,8 мың теңге, ШЖҚ «Аудандық ветеринарлық станция» МКҚК 353,6 мың теңгені аударды.

2-тармақ. ҚР Салық кодексінің 351-бабы бұзылып, ШЖҚ «Теректі аудандық ауруханасы» МКҚК, ШЖҚ «Теректі аудандық 2-ауруханасы» МКҚК, ШЖҚ «Аудандық ветеринарлық станция» МКҚК қызметкерлердің сауықтыру жәрдемақыларын төлеу кезінде 9 340,7 мың теңгеге жеке табыс салығы есептелмеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, оның ішінде 2020 жылы – 2 742,7 мың теңге (өсімпұл 880,9 мың теңге); 2021 жылы – 4 259,7 мың теңге (өсімпұл 105,1 мың теңге); 2022 жылы – 2 338,3 мың теңге.

Аудит барысында және отырысқа дейін ШЖҚ «Теректі аудандық ауруханасы» МКҚК 101201 бюджеттік сыныптамалар кодына 4 734,1 мың теңге және 986,0 мың теңге өсімпұл, ШЖҚ «Теректі аудандық 2-ауруханасы» МКҚК 4 349,6 мың теңге, ШЖҚ «Аудандық ветеринарлық станция» МКҚК 256,9 мың теңгені аударды.

Аудит барысында келесі салық төлеушілер (салық агенттері) тарапынан жіберілген жекелеген бұзушылықтар анықталды:

- ЖК «Салахиева А.О.» ЖСН 710218400654: ұсынылған 910.00 «Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация» салық есептілігінде 2022 жылғы 3 тоқсанда төлем көзінен ұсталып алынатын ЖТС уақтылы төленбеген. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Кодексінің 279-бабының 2-бөлігіне сәйкес салық агенттеріне ЖТС уақтылы аудармағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Осыған байланысты, аудит барысында ЖК «Салахиева А.О.» мекенжайына «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 807-бабының 1-бөлігінің 3-тармақшасы, 897-бабының 1-бөлігіне сәйкес, 17.02.2023 жылғы №000063 - 7657,50 теңге әкімшілік айыппұл төлеу туралы және 17.02.2023 жылғы №000064 - 7657,50 теңге әкімшілік айыппұл төлеу туралы хабарламалар жолданды.

- «Ерсайн» ШҚ (Конакбаев Елтай Ерсайнович) ЖСН 601022301581 (*Бөкейордасы ауданы бойынша МКБ тіркеуде тұрады, Теректі ауданында қызметін жүзеге асыру кезінде осы ауданның жалдамалы қызметкерлерін жұмысқа тартқан*): ұсынылған 910.00 «Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация» (01.10.2021ж. дейін) салық есептілігінде 2021 жылғы 1 және 2 жартыжылдықта және 200.00 «Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация» салық есептілігінде 2021 жылғы 4 тоқсанда және 2022 жылғы 1,2,3,4 тоқсандарда - 33,8 мың теңге мөлшерінде төлем көзінен ұсталып алынатын ЖТС есептелмеген және төленбеген, оның ішінде 2021 жылы - 1,8 мың теңге, 2022 жылы - 32,0 мың теңге. Аудит барысында «Ерсайн» ШҚ (Конакбаев Елтай Ерсайнович) қатысты Бөкейордасы ауданы бойынша МКБ атына 10.02.2023 жылғы №МКБ 12-3-3-/141 шығыс хаты жолданды. Бөкейордасы ауданы бойынша МКБ 20.02.2023 жылғы №МКБ 3-2/165 жауабына сәйкес, салық төлеушінің

мекенжайы бойынша «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 807-бабының 1-бөлігінің 3-тармақшасы, 897-бабының 1-бөлігіне сәйкес 21.02.2023 жылғы №000007 - 6760 теңге әкімшілік айыппұл төлеу туралы туралы хабарлама жолданды. Бұзушылықтар сомасы Бөкейордасы ауданының бюджетіне (тіркелген жері бойынша) төленгендіктен, мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімінде көрсетілмеді (заңгер қорытындысын ескере отырып).

- «Кушум» ШҚ ЖСН 640328301639: ұсынылған 920.00 «Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация» салық есептілігінде 2022 жылы 2,9 мың теңге құрайтын ЖТС есептелмеген және төленбеген (аудит барысында төленді).

3-тармақ. ҚР Салық Кодексінің 350-бабының 1-тармағы, 351-бабының 1 және 3-тармақтары, сондай-ақ 688-бабының 2-тармағы бұзылып, жоғарыда көрсетілген салық агенттері жасасқан шарттар бойынша жалдамалы жұмыскерлер бойынша төлем көзінен ұсталып алынатын ЖТС сомаларын есептемеген және уақтылы төлемеген, нәтижесінде 2022 жылы «Кушум» ШҚ бойынша 2,9 мың теңге мөлшеріндегі салық түспеген (аудит барысында төленді).

ҚР Салық кодексінің 364-бабының 1 тармағына сәйкес, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша декларация тұрған (тұрғылықты) жері бойынша салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей тапсырылады. Сондай-ақ 362-бабының 1 тармағына сәйкес, салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша жеке табыс салығын төлеуді салық төлеуші жеке табыс салығы бойынша декларацияны тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсыруы үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей дербес жүзеге асырады. Алайда, жекелеген салық төлеушілер меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақытта мүлікті өткізуі кезінде құн өсімінен түсетін кірістен жеке табыс салығы бойынша декларацияларды тапсырмаған, сәйкесінше салықты төлемеген.

Аудит барысында, 2023 жылғы 10 ақпан күні, осындай бұзушылыққа жол берген С.Кажығалиеваға хабарлама жолданды. 2023 жылдың 14 ақпан күні жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырды, табыс салығы 63,7 мың теңгені құрады.

4-тармақ. ҚР Салық кодексінің 364-бабының 1 тармағы бұзылып, 2020 жылы өткізілген мүлік құны өсімінен жергілікті бюджетке жеке табыс салығы ретінде 63,7 мың теңге түспеген. 2023 жылдың 27 наурыз күні С. Кажығалиева жергілікті бюджетке 63,7 мың теңге аударды.

БҚО Теректі ауданының Покатиловка ауылында, БҚО Теректі ауданының Юбилейное ауылында, БҚО Теректі ауданының Жаңа Өмір ауылында, БҚО Теректі ауданының Ұзынкөл ауылында, БҚО Теректі ауданының Богдановка ауылында және БҚО Теректі ауданы Приречное ауылындағы су құбырлары үшін 2020 жылы «Теректі-Таза су» ЖШС-мен бюджетке мүлік салығын төлеуге жататын сома 480,5 мың теңгені құрайды.

БҚО Теректі ауданының Покатиловка ауылында, БҚО Теректі ауданының Юбилейное ауылында, БҚО Теректі ауданының Жаңа Өмір ауылында, БҚО Теректі ауданының Ұзынкөл ауылында, БҚО Теректі ауданының Богдановка ауылында, БҚО Теректі ауданы Федоровка ауылының 528 жер учаскесін сумен жабдықтау және БҚО Теректі ауданы Приречное ауылындағы су құбырлары үшін 2021 жылы «Теректі-Таза су» ЖШС-мен бюджетке мүлік салығын төлеуге жататын сома 1 414,8 мың теңгені құрайды. Аудит барысында бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жіберілді.

5-тармақ. ҚР Салық кодексінің 522-бабының 1 тармағы бұзылып, «Теректі-Таза су» ЖШС 1 895,3 мың теңге мүлік салығы есептелмеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, оның ішінде 2020 жылы 480,5 мың теңге, 2021 жылы 1 414,8 мың теңге. 2023 жылдың 20 сәуір күні «Теректі-Таза су» ЖШС жергілікті бюджетке 1 895,3 мың теңге аударды.

ҚР Салық кодексінің 532-бабының 1 тармағына сәйкес, жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық органдары салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан, салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қаңтарына дейін құқықтары тіркелген жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша меншік құқығында иеленудің іс жүзіндегі мерзімін ескере отырып, салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізеді.

6-тармақ. ҚР Салық кодексінің 532-бабының 1 тармағы бұзылып, 11 ауылдық округтің 43 жеке тұлғасы бойынша 23,5 мың теңгеге 2021 жыл үшін мүлік салығы (есептеуге тізілімді енгізу арқылы) есептелмеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген. Аудит барысында салық төлеушілердің дербес шоттарында есептеулер жүргізілді, сондай-ақ есептелген салық сомасынан 28 салық төлеуші бюджетке 11,7 мың теңге салық төледі, оның ішінде 3,9 мың теңгесі артық төлемдер есебінен, отырысқа дейін 4 салық төлеуші 8,0 мың теңгені жергілікті бюджетке өтеді.

«Теректі-Таза су» ЖШС бюджетке төлеуге жататын жер салығының 2020 жылға (кадастрлық нөмірлер 08-125-049-379, 08-125-049-381, 08-125-047-787, 08-125-047-785, 08-125-012-274, 08-125-056-072, 08-125-056-073, 08-125-019-357, 08-125-019-355, 08-125-039-588) жер учаскелері бойынша сомасы 9,0 мың теңгені, ал 2021 жылға 32,4 мың теңгені құрайды. Алайда, бұл сомалар бюджетке өтелмеген. Аудит барысында бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жолданды.

7-тармақ. ҚР Салық кодексінің 512-бабының 1 тармағы бұзылып, «Теректі-Таза су» ЖШС 41,4 мың теңге көлемінде жер салығын есептемеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, оның ішінде 2020 жылға 9,0 мың теңге, 2021 жылға 32,4 мың теңге. 2023 жылдың 20 сәуір күні «Теректі-Таза су» ЖШС жергілікті бюджетке 41,4 мың теңге аударды.

Уәкілетті орган ұсынған мәліметтерді зерделеу барысында, «Байсамға Агро» ЖШС-нің тіркеу есебінде 2022 жылдың 28 наурызынан бастап мемлекеттік тіркеу нөмірі 987AJ07 Газель-Бизнес 330202 автомашинасы бар екендігі анықталды, алайда 2022 жылғы кезең үшін 701.00 салық есептілігі нысанын ұсыну бөлігінде салық міндеттемелері орындалмаған, бұл ҚР Салық кодексінің 496-бабының 1-тармағын бұзу болып табылады. Осылайша, бюджетке 17,9 мың

теңге сомасында түсім қамтамасыз етілмеген. Аудит барысында салық төлеушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігін ұсынбағаны туралы хабарлама жолданды. «Байсамға Агро» ЖШС 2022 жылғы кезең үшін 701.00 салық есептілігі нысанына сәйкес көлік құралдарына салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдердің есебін ұсынды және жергілікті бюджетке 17,9 мың теңге көлік салығын төледі.

Сондай-ақ, «Ringo-Milk» ЖШС-нің тіркеу есебінде 2022 жылдың 20 сәуірінен бастап мемлекеттік тіркеу нөмірі 77MMM07 Lexus 570 LX автомашинасы бар екендігі анықталды алайда, ұсынылған 2022 жылғы 701.00 салық есептілігі нысаны декларациясында аталған көлік құралына салықты есептеу бойынша салық міндеттемелері орындалмаған, бұл қолданыстағы ҚР Салық кодексінің 496-бабының 1-тармағын бұзу болып табылады, осылайша бюджетке 83,3 мың теңге сомасында түсім қамтамасыз етілмеген. Аудит барысында салық төлеушіге камералдық бақылау нәтижелері бойынша Мемлекеттік кіріс органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

8-тармақ. ҚР Салық кодексінің 496-бабының 1 тармағы, 493-бабының 1 тармағы және 494-бабының 1 тармағы бұзылып, салық төлеуші «Байсамға Агро» ЖШС-мен декларация табысталмаған, «Ringo-Milk» ЖШС-мен 2022 жылға арналған көлік салығы есептеліп, салық есептілігі табысталмаған, нәтижесінде бюджетке салық сомасы өтелмеген. Аудит барысында жолданған хабарламалар негізінде барлық сомасы 101,2 мың теңгеге декларациялар тапсырылды (*«Байсамға Агро» ЖШС 17,9 мың теңге, «Ringo-Milk» ЖШС 83,3 мың теңге*), «Байсамға Агро» ЖШС жергілікті бюджетке 17,9 мың теңгені, «Ringo-Milk» ЖШС 2023 жылғы 20 наурызда 83,3 мың теңгені өтеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мәліметтер нысандарын бекіту туралы» 2001 жылғы 28 желтоқсандағы №1793 бұйрығына сәйкес, көлік құралдарының иелері туралы мәліметтерді уәкілетті орган - БҚО Жол полициясы БҚО бойынша мемлекеттік кірістер департаменті арқылы ұсынады және Салық кодексінің 493 бабының 9 тармағына сәйкес, есепті салықтық кезең үшін жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы бойынша есеп-қисаптар сальдосын айқындау мақсатында салық органдары көлік құралдарын есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар автоматтандырылған режимде ұсынатын мәліметтердің негізінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмейтін мерзімде салық есептеуді жүргізеді.

9-тармақ. ҚР Салық кодексінің 493-бабының 9 тармағы, 494-бабының 3 тармағы және ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы №306 бұйрығымен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу қағидаларының 52-тармағы бұзылып, Басқарма 94 жеке тұлға бойынша 767,2 мың теңге сомасына 2020 және 2021 жылдарға (*есептеуге тізілімге енгізу жолымен*) салықтарды есептемеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген. Аудит барысында салық төлеушілердің дербес шоттарына есептеулер жүргізілді.

Аудит барысында 43 салық төлеуші есептелген салық сомасынан бюджетке 314,9 мың теңге салық төледі, оның ішінде артық төлемдер есебінен 96,3 мың теңге, оның ішінде 2020 жыл үшін 48,1 мың теңге, 2021 жыл үшін 266,8 мың

теңге.

10-тармақ. ҚР Салық кодексінің 114-бабы 2 тармағының 8) тармақшасы және 19-бабы 2 тармағының 11) тармақшасы бұзылып, Басқармамен 2 салық төлеушіге көлік құралдарына салынатын салық бойынша салық берешегін өндіріп алу жөнінде шаралар қабылданбаған, яғни, салық төлеушілерге жалпы сомасы 33,8 мың теңгеге хабарламалар жолданбаған және салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу жұмыстарын жүргізбеген, бұл өз кезегінде бюджетке салықтардың түспеуіне әкелді. Аудит барысында салық төлеушілер У.Х.Муқанова мен М.И.Сәрсенғалиевке жалпы сомасы 33,8 мың теңгеге жеке тұлғалардың салық берешегі туралы хабарламалар жолданды.

ҚР Салық кодексінің 128-бабының 1 тармағына сәйкес, жеке кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 1 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі салықтық берешегін жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады (бұдан әрі – салық бұйрығы) және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғаға жолдайды.

11-тармақ. ҚР Салық кодексінің 128-бабының 1 тармағы және 19-бабы 2 тармағының 11) тармақшасы бұзылып, салық бұйрықтарын шығару жолымен бюджетке мәжбүрлеп өндіру тәртібімен 60,7 мың теңге сомасы өндірілмеген. Отырысқа дейін 18,7 мың теңге жергілікті бюджетке өтелді.

Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері үшін 52 жеке тұлғамен 49,4 мың теңгеге төлем есептелмеген және төленбеген, оның ішінде 2021 жыл үшін 19,5 мың теңге, 2022 жыл үшін 29,9 мың теңге. Аудит барысында 52 жеке тұлғаға 49,4 мың теңгеге төлем есептеліп, 10,4 мың теңгеге өсімпұл есептелді, олардың ішінде 7 жеке тұлға 7,5 мың теңгені жергілікті бюджетке өтеді.

12-тармақ. ҚР Салық кодексінің 564-бабының 1 тармағы бұзылып, Басқарма 52 жеке тұлғаға 49,4 мың теңгеге уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері үшін төлем есептемеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген. Аудит барысында 7,5 мың теңге, отырысқа дейін 26,4 мың теңге жергілікті бюджетке өтеді.

«Теректі-Таза су» ЖШС жергілікті бюджетке төлеуге жататын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін 2020 жылға (2018 жылғы 3 сәуірдегі № 58 жалдау шарты, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1077 жалдау шарты, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1080 жалдау шарты, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1080 жалдау шарты, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1079, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1078 жалдау шарты, 2017 жылғы 3 қарашадағы № 1080 жалдау шарты, 2017 жылғы 8 қарашадағы № 1085 жалдау шарты, 2017 жылғы 8 қарашадағы № 1086 жалдау шарты) жалдау шарттары бойынша төлем сомасы 55,9 мың теңгені құрайды, 2021 жылы жоғарыда көрсетілген жалдау шарттары бойынша 55,9 мың теңгені

құрайды. Алайда, аталған серіктестік жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жергілікті бюджетке төленетін төлемдерді жүргізбеген. Аудит барысында бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жолданды.

13-тармақ. ҚР Салық кодексінің 565-бабының 2 тармағы және 564-бабының 4 тармағы бұзылып, «Теректі-Таза су» ЖШС жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы сомасының есептерін ұсынбаған және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жергілікті бюджетке төленетін төлемдердің жалпы сомасы 111,8 мың теңгеге белгіленген мерзімде төлем жүргізбеген, оның ішінде 2020 жыл үшін 55,9 мың теңге, 2021 жыл үшін 55,9 мың теңге. 2023 жылдың 20 сәуір күні Теректі-Таза су» ЖШС жергілікті бюджетке 111,8 мың теңгені аударды.

«QazConstructions» ЖШС объектінің орналасқан жері бойынша құрылыс барысында қоршаған ортаға теріс әсер ету фактісі үшін 2021 жылғы 870.00 нысанындағы (2 тоқсан үшін, 3 тоқсан үшін және 4 тоқсан үшін) декларациялар ұсынылмаған және төлем жүргізбеген. Аудит барысында хабарлама жолданып, «QazConstructions» ЖШС 870.00 нысанындағы декларацияларды тапсырды және бюджетке 114,3 мың теңге төледі.

14-тармақ. ҚР Салық кодексінің 579-бабының 2 тармағы бұзылып, «QazConstructions» ЖШС 2021 жылғы 870.00 нысанындағы (2 тоқсан үшін, 3 тоқсан үшін және 4 тоқсан үшін) қоршаған ортаға теріс әсер ету фактісі үшін декларациялары тапсырмаған және бюджетке белгіленген мерзімде жалпы сомасы 114,3 мың теңгеге төлем жүргізбеген. Аудит барысында «QazConstructions» ЖШС жергілікті бюджетке 114,3 мың теңгені өтеді.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтамау салдарынан, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеу және Басқарма қызметкерлері тарапынан тиісті деңгейде салықтық бақылау жүргізбеу салдарынан орын алған.

15-тармақ. ҚР Салық кодексінің 18-бабы 1 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, Басқарма тарапынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтамау, сондай-ақ тиісті деңгейде салықтық бақылау жүргізбеу салдарынан аудит кезеңінде жергілікті бюджетке салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы қамтамасыз етілмеген.

Аудит барысында анықталған жекелеген кемшіліктер Басқарма тарапынан салықтық әкімшілендіру бағытындағы жасалып жатқан жұмыстар тиісті деңгейде атқарылмай жатқандығын, алдағы уақытта бұл жұмыстарға көңіл бөлу қажет екендігін көрсетеді. Атап айтқанда, салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу бойынша олқылықтар орын алған (салықтық бұйрықтар шығарылмаған).

«Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Аудит нәтижесінде 15 688,7 мың теңгеге салықтық және өзге де заңнама талаптары сақталмағандығы анықталды, барлық сома жергілікті бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 1 бірлікті құрайды. Аудит барысында және отырысқа дейін 10 026,2 мың теңгесі өтелді, салық төлеушілерге 18 хабарлама жолданды, 8 салық төлеушіге және 1 уәкілетті органға

қатысты 12 әкімшілік материал толтырылды.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңның 57-4 бабына сәйкес, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде арнаулы салық режимдерін қолданатын және микрокәсіпкерлік немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері болып танылатын тұлғалар, оның ішінде бірыңғай жер салығын төлеушілер, төленуге жататын: осы Кодекстің 686, 686-3, 687, 695, 700-баптарына сәйкес есептелген корпоративтік (жеке) табыс салығының сомасын (төлем көзінен ұсталатыннан басқа); осы Кодекстің 687-бабына сәйкес есептелген әлеуметтік салық сомасын; осы Кодекстің 704-бабына сәйкес есептелген бірыңғай жер салығының сомасын 100 пайызға азайтады деп белгіленген.

Жоғарыда аталған бапта осы норманы сыртқы экономикалық қызметті (*бұдан әрі - СЭҚ*) жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін қолдануға шектеу қойылған. Осылайша, салық салу мақсаттары үшін СЭҚ-ты жүзеге асыратын тұлғалар деп - үшінші елдермен, яғни Еуразиялық экономикалық одағына (ЕАЭО) мүше мемлекеттер болып табылмайтын елдерге қатысты тауарлар импорты мен экспортын, жұмыс пен қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалар деп түсініледі. Бұл ретте, салық төлеуші үшінші елдерге қатысты тауарлардың импорты мен экспортын, жұмыс пен қызмет көрсетуді жүзеге асырған кезеңінде алынған табыстарға салынатын салықтан босатылу жөніндегі норманы қолдануға құқығы жоқ.

Салық Кодексінің 13-бабының 3-тармағы 1)-тармақшасына сәйкес, салық төлеуші: салықтық міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауға міндетті.

Аудит барысында БҚО бойынша тексеру комиссиясы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жоғарыда аталған санаттардан сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырған Бөрлі ауданының салық төлеушілерінің тізбесін ұсыну бойынша «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ (*бұдан әрі - БҚО бойынша МКД*) сұрау хат жолдады (шығыс 28.03.2023ж.№4-16/363).

Әлеуметік салық түсімдерінің толықтығы мен уақтылылығына аудит барысында БҚО бойынша Тексеру комиссиясының сұрауына ұсынған мәліметтерге талдау жүргізілді (шығыс хат 03.04.2023ж. №МКД-10/3401).

Нәтижесінде үшінші елдермен қатысты СЭҚ-ты жүзеге асырған жекелеген салық төлеушілер бюджетке төленуге жататын әлеуметік салық сомаларын негізсіз 100 пайызға азайтқаны анықталды.

Аудит барысында Басқарма БҚО бойынша Тексеру комиссиясының талабы негізінде 7 салық төлеушіге жалпы сомасы 2 888,2 мың теңгеге (оның ішінде: 2020ж. - 674,2 мың теңге, 2021ж. – 358,6 мың теңге (аудит барысында толық төленді), 2022ж. – 1 855,4 мың теңге (аудит барысында – 478,7 мың теңге төленді) бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жолданды.

16-тармақ. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық

кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңның 57-4 бабы екінші бөлігінің 16) тармағы және ҚР Салық Кодексінің 13-бабы 3-тармағының 1)-тармақшасы бұзылып, 2020-2022 жылдары үшінші елдерге қатысты СЭҚ-ты жүзеге асырған жекелеген салық төлеушілер бюджетке төленуге жататын әлеуметік салық сомаларын негізсіз 100 пайызға азайтып, тиісінше бюджетке жалпы сомасы 2 888,2 мың теңгеге әлеуметік салық төлемеген (оның ішінде: 2020ж. - 674,2 мың теңге, 2021ж. - 358,6 мың теңге (аудит барысында толық төленді), 2022ж. – 1 855,4 мың теңге (аудит барысында - 478,7 мың теңге төленді).

17-тармақ. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңның 57-4 бабы екінші бөлігінің 16) тармағы және ҚР Салық Кодексінің 13-бабы 3-тармағының 1)-тармақшасы бұзылып, 2020-2022 жылдары үшінші елдерге қатысты СЭҚ-ты жүзеге асырған жекелеген салық төлеушілер бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) сомаларын негізсіз 100 пайызға азайтып, тиісінше бюджетке жалпы сомасы 3 107,1 мың теңгеге жеке табыс салығын уақтылы төлемеген (оның ішінде: 2020ж. - 675,7 мың теңге, 2021ж. – 495,8 мың теңге (аудит барысында толық төленді), 2022ж. – 1 935,6 мың теңге (аудит барысында - 502,9 мың теңге төленді).

ҚР Салық кодексінің 364-бабының 1 тармағына сәйкес, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша декларация тұрған (тұрғылықты) жері бойынша салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей тапсырылады. Сондай-ақ 362-бабының 1 тармағына сәйкес, салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша жеке табыс салығын төлеуді салық төлеуші жеке табыс салығы бойынша декларацияны тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсыруы үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей дербес жүзеге асырады. Алайда, жекелеген салық төлеушілер меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақытта мүлікті өткізуі кезінде құн өсімінен түсетін кірістен жеке табыс салығы бойынша декларацияларды тапсырмаған, сәйкесінше салықты төлемеген.

Аудит барысында, 2023 жылғы 24 наурыз күні, осындай бұзушылыққа жол берген А.Карекеноваға хабарлама жолданылды, сол күні А.Сигизоваға да хабарлама жолданып, 2023 жылдың 24 сәуір күні салық төлеуші декларация тапсырып, жергілікті бюджетке 150,0 мың теңге салық төледі.

18-тармақ. ҚР Салық кодексінің 364-бабының 1 тармағы бұзылып, өткізілген мүлік құны өсімінен екі салық төлеушіден жергілікті бюджетке жеке табыс салығы ретінде 380,0 мың теңге түспеген, оның ішінде 2020 жыл үшін 230,0 мың теңге, 2021 жыл үшін 150,0 мың теңге. Аудит барысында 150,0 мың теңге жергілікті бюджетке төленді.

19-тармақ. ҚР Салық кодексінің 522-бабының 1 тармағы бұзылып, «West-Leader» ЖШС 2021 жыл үшін 1 236,6 мың теңгеге, «Ақсай» мәдени-бұқаралық,

ұлттық ат спорт кешені» МКҚК 2021 жыл үшін 328,8 мың теңгеге, ШЖҚ «Бөрлі аудандық ауруханасы» МКК 2020 жыл үшін 1 931,1 мың теңгеге, (өсімпұл 970,2 мың теңге), 2021 жыл үшін 2 053,0 мың теңге (өсімпұл 2,3 мың теңге), ШЖҚ «Ақсайжылукуат» МКК 2020 жыл үшін 165,1 мың теңгеге, 2021 жыл үшін 155,2 мың теңгеге мүлік салығы есептемеген, «№10 Алтын бесік балабақшасы» МКҚК 700.00 және 701.00 нысандары бойынша декларация тапсырмаған, 2021 жыл үшін 49,2 мың теңгеге мүлік салығы есептелмеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, ҚР Салық кодексінің 525-бабының 1 тармағы және 522-бабының 7 тармағы бұзылып, ШЖҚ «Бөрлі аудандық ауруханасы» МКК 2022 жыл үшін 1 896,4 мың теңгеге, ШЖҚ «Ақсайжылукуат» МКК 2022 жыл үшін 153,2 мың теңгеге ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген және салық сомасын төлемеген.

Аудит барысында «Ақсай» мәдени-бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК 2021 жыл үшін 328,8 мың теңге, ШЖҚ «Бөрлі аудандық ауруханасы» МКК 3 984,1 мың теңгені, оның ішінде 2020 жыл үшін 1 931,1 мың теңгеге, (өсімпұл 970,2 мың теңге), 2021 жыл үшін 2 053,0 мың теңге (өсімпұл 2,3 мың теңге), ШЖҚ «Ақсайжылукуат» МКК 2020 жыл үшін 165,1 мың теңге, 2021 жыл үшін 155,2 мың теңге, 2022 жыл үшін 153,2 мың теңге, «№10 Алтын бесік балабақшасы» МКҚК 49,2 мың теңгені жергілікті бюджетке мүлік салығын аударды.

20-тармақ. ҚР Салық кодексінің 512-бабының 1 тармағы бұзылып, «Ақсай» мәдени-бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК 2021 жыл үшін 36,0 мың теңгеге, «Тәуекел» ЖШС 2020 жыл үшін 12,1 мың теңгеге, 2021 жыл үшін - 12,1 мың теңгеге жер салығын есептемеген, нәтижесінде бюджетке өтелмеген, ҚР Салық кодексінің 516-бабының 1 тармағы, 512-бабының 4 тармағы бұзылып, «№10 Алтын бесік балабақшасы» МКҚК 2021 жыл үшін 5,8 мың теңгеге жер салығын есептемеген, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынбаған және төлемеген, ҚР Салық кодексінің 516-бабының 1 тармағы, 512-бабының 4 тармағы бұзылып, «Тәуекел» ЖШС 2022 жыл үшін - 12,1 мың теңгеге ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген және салық сомасын төлемеген. Аудит барысында «Ақсай» мәдени-бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК 2021 жыл үшін 36,0 мың теңге, «Тәуекел» ЖШС 36,3 мың теңге, «№10 Алтын бесік балабақшасы» МКҚК 5,8 мың теңге жергілікті бюджетке жер салығын аударды.

21-тармақ. ҚР Салық кодексінің 493-бабының 1 тармағы, 494-бабының 1 тармағы және 496-бабының 1 тармағы бұзылып, «KazCargo Construction» ЖШС 2020-2022 жылдарға көлік құралдары үшін тапсырған декларациялардағы есептері толық және нақты емес, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген, жалпы сомасы 65,7 мың теңгеге кем есептеген (14,3 мың теңге өсімпұл есептелді), «Сұңқар Ақсай» ҚБ 2020 жыл үшін декларация ұсынбаған 20,8 мың теңгеге есептемеген, «Ақсайский индустриальный парк» ҚБ тапсырған декларациялардағы есептері толық және нақты емес, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген жалпы сомасы 36,6 мың теңгеге салық сомасы есептелмеген, «Invest Story Build» ЖШС тапсырған декларациялардағы есептері толық және нақты емес, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген жалпы сомасы 38,5 мың теңгеге салық сомасы есептелмеген, «Ақсай» мәдени-

бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК тапсырған декларациялардағы есептері толық және нақты емес, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын дұрыс көрсетпеген жалпы сомасы 9,6 мың теңгеге салық сомасы есептелмеген.

Аудит барысында «KazCargo Construction» ЖШС 80,0 мың теңге (оның ішінде 14,3 мың теңге өсімпұл), «Сұңқар Ақсай» ҚБ 20,8 мың теңге, «Invest Story Build» ЖШС 38,5 мың теңге, «Ақсай» мәдени-бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК 9,6 мың теңге жергілікті бюджетке көлік салығын аударды. Аудит барысында «Алау» ЖШС және «Тәуекел» ЖШС көлік құралдарын газды мотор отынымен толтыру бойынша қызметті жүзеге асыратыны анықталды. Бұл ретте қызмет барысында қоршаған ортаға теріс әсер ету фактісі үшін төлем жүргізілмеген және 870.00 нысаны бойынша декларациялар тапсырылмаған (1 тоқсан үшін, 2 тоқсан үшін, 3 тоқсан үшін және 2020 жылғы 4 тоқсан үшін, 1 тоқсан үшін, 2 тоқсан үшін, 3 тоқсан үшін және 2021 жылғы 4 тоқсан үшін, 1 тоқсан үшін, 2 тоқсан үшін, 3 тоқсан үшін және 2022 жылғы 4 тоқсан үшін). 2023 жылғы 17 наурызда «Алау» ЖШС-не және «Тәуекел» ЖШС салық есептілігін мерзімінде ұсынбау туралы хабарлама жіберілді.

22-тармақ. ҚР Салық кодексінің 579-бабының 2 тармағы бұзылып, «Алау» ЖШС 2020 жылға 1,0 мың теңге, 2021 жылға 1,0 мың теңге, 2022 жылға 1,1 мың теңге сомасына 870.00 нысаны бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету фактісі үшін декларацияларды уақтылы ұсынбаған, «Тәуекел» ЖШС 2020 жылға 6,1 мың теңге, 2021 жылға 8,5 мың теңге, 2022 жылға 8,9 мың теңге сомасына 870.00 нысаны бойынша декларацияларды уақтылы ұсынбаған. Аудит барысында серіктестіктер декларацияларын ұсынып, «Алау» ЖШС 3,1 мың теңге, «Тәуекел» ЖШС 23,5 мың теңге жергілікті бюджетке аударды.

23-тармақ. ҚР Салық кодексінің 604-бабының 1 тармағы, 606-бабының 2 тармағы бұзылып, «СтройСервисПлюс» ЖШС сыртқы жарнама объектілерінің болуына қарамастан, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін 63,1 мың теңге төлемақы бюджетке төлемеген, оның ішінде 2020 жыл үшін 10,3 мың теңге, 2021 жыл үшін 52,8 мың теңге. Аудит барысында «СтройСервисПлюс» ЖШС 63,1 мың теңге төлемақыны және 19,0 мың теңге өсімпұлды жергілікті бюджетке аударды.

Уәкілетті орган болып табылатын «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік кірістер басқармасына ұсынған сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат алғандар тізіміне «СтройСервисПлюс» ЖШС кірмей қалған, осыған орай аудит барысында аталған уәкілетті органның басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтамау салдарынан, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеу және Басқарма қызметкерлері тарапынан тиісті деңгейде салықтық бақылау жүргізбеу салдарынан орын алған.

24-тармақ. ҚР Салық кодексінің 18-бабы 1 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, Басқарма тарапынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтамау, сондай-ақ тиісті деңгейде салықтық бақылау жүргізбеу салдарынан

аудит кезеңінде жергілікті бюджетке салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы қамтамасыз етілмеген.

Аудит барысында анықталған жекелеген кемшіліктер Басқарма тарапынан салықтық әкімшілендіру бағытындағы жасалып жатқан жұмыстар тиісті деңгейде атқарылмай жатқандығын, алдағы уақытта бұл жұмыстарға көңіл бөлу қажет екендігін көрсетеді. Атап айтқанда, жекелеген салық төлеушілердің жыл сайынғы төлеп отырған салық көлемінің динамикасына талдау жүргізілмеген, нәтижесінде мүлік және жер салықтары бюджетке толық түспеген.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Салықтардың экономикалық мәні олардың сан алуан мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін мемлекеттік қорларда жинақталған заңды және жеке тұлғалардан ұлттық табыстың белгілі бір бөлігін алып қою жөніндегі өндірістік қатынастардың бір бөлігі болып табылады. Экономиканы басқару және мемлекеттік басқару жүйесінде салықтарды пайдалану салық түрлерінің жиынтығын, салық салу жүйесін және салық органдарын қамтитын біртұтас салық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады.

Теректі және Бөрлі аудандарында мемлекеттік кірістер басқармаларының қызметі аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз деңгейінде оң әсерін тигізуде. Осыған қарамастан, салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету, қоғамның оның қызметіне қанағаттануы және салық жүйесі объектілері мен субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып қала береді.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

1. Өтелуге жататын 22 146,8 мың теңгенің қазіргі кезде 21 599,4 мың теңгесі жергілікті бюджетке өтелді;

2. Аудит барысында ЖК «Салахиева А.О» ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 279 бабының 2 бөлігіне сәйкес 2 мәрте әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 17 ақпандағы №000063 хабарлау - айыппұл сомасы 7 657,5 теңге, №000064 хабарлау - айыппұл сомасы 7 657,5 теңге);

- «Ерсайн» ШҚ (Конакбаев Елтай Ерсайнович) ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 279 бабының 1 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 21 ақпандағы №000007 хабарлау - айыппұл сомасы 6 760,0 теңге.

«Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

1. Өтелуге жататын 15 688,7 мың теңгенің қазіргі кезде 10 026,2 мың теңгесі өтелді;

2. Аудит барысында «№10 Алтын бесік балабақшасы» МКҚК ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 2 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 17 сәуірдегі №000338 хабарлау - айыппұл сомасы 51 750,0 теңге;

- «Сұңқар Ақсай» ҚБ ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 2 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 7 сәуірдегі №000309 хабарлау - айыппұл сомасы 51 750,0 теңге;

- «Invest Story Build» ЖШС ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 2 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 13 сәуірдегі №000333 хабарлау - айыппұл сомасы 77 625,0 теңге, 2023 жылғы 13 сәуірдегі №000334 қаулы – «ескерту» түрінде;

- «Ақсай» мәдени-бұқаралық, ұлттық ат спорт кешені» МКҚК ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 2 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 13 сәуірдегі №000330 хабарлау - айыппұл сомасы 51 750,0 теңге, 2023 жылғы 13 сәуірдегі №000332 хабарлау - айыппұл сомасы 51 750,0 теңге);

- «Алау» ЖШС ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 1 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 7 сәуірдегі №000310 қаулы - «ескерту» түрінде;

- «Тәуекел» ЖШС ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 272 бабының 1 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 13 сәуірдегі №000327 қаулы - «ескерту» түрінде;

- «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» ММ басшысы ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 471 бабының 4 бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жылғы 19 сәуірдегі №000358 хабарлау - айыппұл сомасы 103 500,0 теңге.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

«Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Бағдарлама мәселелері бойынша жүргізілген тиімділік аудиті салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді әкімшілендіруді жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары анықталды, бұл қойылған мақсаттардың, міндеттердің, функцияларын орындау сапасын төмендету тәуекелдерін тудырады.

«Салықтық әкімшілендіру бойынша мемлекеттік кірістер органы қызметінің тиімділігі» базалық көрсеткішінің «Меңшікті кірістердің өсуі» арнайы көрсеткіші бойынша ауданның меңшікті кірістері 2020 жылы 1 477 138,6 мың теңге, 2021 жылы 1 930 588,0 мың теңге, 2022 жылы 2 073 627,6 мың теңгені құрады. Меңшікті кірістердің өсуі салықтық түсімдердің өсуі арқылы қол жеткізілді, жылдан жылға өсу байқалады, бұл ретте Мемлекеттік кірістер басқармасы қызметінің тиімділігі байқалады.

«Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану нәтижелілігі» базалық көрсеткішінің «Мемлекеттік кірістер органдарының жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша берешекті төмендету» арнайы көрсеткіші бойынша салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану нәтижесінде берешегі бар салық төлеушілердің саны төмендеп, 2020 жылы 94,4%, 2021 жылы 98,4%, 2022 жылы 94,7% құрады. Осылайша Басқарманың қолданып отырған шаралары берешекті төмендетуге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

«Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер» базалық көрсеткішінің «заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» арнайы көрсеткіші бойынша: бұзушылықтардың жалпы сомасы 22 146,8 мың теңгені құрады, бұл аудит кезеңіндегі ауданның меңшікті кірістерінің 0,4% құрайды (аудит кезеңіндегі ауданның меңшікті кірістері 5 481 354,2 мың теңге). Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды.

Мемлекеттік кірістер органдары салықтық әкімшілендіруді жүргізу барысында заманауи ақпараттық жүйелер мен технологиялық сервистерді пайдаланады, алайда Басқарма қызметкерлері тарапынан салықтық әкімшілендіруді, соның ішінде камералдық бақылауды толық жүргізбеген, бұл өз кезегінде салық сомаларын есептелмеуіне және төленбеуіне әкеліп соқты. Жалпы алғанда аудит кезеңіндегі Басқарма қызметін тиімді деп есептейміз.

«Берлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ:

Бағдарлама мәселелері бойынша жүргізілген тиімділік аудиті салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді әкімшілендіруді жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары анықталды, бұл қойылған мақсаттардың, міндеттердің, функцияларын орындау сапасын төмендету тәуекелдерін тудырады.

«Салықтық әкімшілендіру бойынша мемлекеттік кірістер органы қызметінің тиімділігі» базалық көрсеткішінің «Меңшікті кірістердің өсуі» арнайы көрсеткіші бойынша ауданның меңшікті кірістері 2020 жылы 48 770 577,0 мың теңге, 2021 жылы 51 336 039,0 мың теңге, 2022 жылы 64 073 501,0 мың теңгені құрады. Меңшікті кірістердің өсуі салықтық түсімдердің өсуі арқылы қол жеткізілді, жылдан жылға өсу байқалады, бұл ретте Мемлекеттік кірістер басқармасы қызметінің тиімділігі байқалады.

«Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану нәтижелілігі» базалық көрсеткішінің «Мемлекеттік кірістер органдарының жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша берешекті төмендету» арнайы көрсеткіші бойынша салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану нәтижесінде берешегі бар салық төлеушілердің саны төмендеп, 2020 жылы 56%%, 2021 жылы 58,3%, 2022 жылы 66,1% құрады. Осылайша Басқарманың қолданып отырған шаралары берешекті төмендетуге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

«Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор

субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер» базалық көрсеткішінің «заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» арнайы көрсеткіші бойынша: бұзушылықтардың жалпы сомасы 15 688,7 мың теңгені құрады, бұл аудит кезеңіндегі ауданның меңшікті кірістерінің 0,009% құрайды (аудит кезеңіндегі ауданның меңшікті кірістері 164 180 117,0 мың теңге). Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды.

Мемлекеттік кірістер органдары салықтық әкімшілендіруді жүргізу барысында заманауи ақпараттық жүйелер мен технологиялық сервистерді пайдаланады, алайда Басқарма қызметкерлері тарапынан салықтық әкімшілендіруді, соның ішінде камералдық бақылауды толық жүргізбеген, бұл өз кезегінде салық сомаларын есептелмеуіне және төленбеуіне әкеліп соқты. Жалпы алғанда аудит кезеңіндегі Басқарма қызметін тиімді деп есептейміз.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Теректі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ және «Бөрлі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және Тексеру комиссиясының отырысына дейін 31 625,6 мың теңгенің өтелгендігі ескерілсін.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімі 7 парақта.

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі**



К. Алпысбаев

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы,
топ жетекшісі
Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**



Е. Гумаров



Ж. Кадыров



А. Сибатова



Д. Рамазанов

**Бас инспектор-заңгер
№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудиторы
№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудитордың
ассистенті**



Д. Ерманов